

**Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1264 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 842 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 ақпанда № 12991 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 13.12.2022 № 364 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.12.2022 № 124 бірлескен бұйрығымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы бірлескен бұйрыққа:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес туристік операторға қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес туристік агентке қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;
- 4) 4-қосымшаға сәйкес гидке, экскурсоводқа, туризм нұсқаушысына қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;
- 5) 5-қосымшаға сәйкес туристік операторға қатысты, талаптарға сәйкестігіне қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. Мыналардың:

- 1) "Туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 743 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 588 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11866 болып тіркелген, "Әділет" ақпаратты-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 25 тамызда жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 916 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 650 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12214 болып тіркелген, "Әділет" ақпаратты-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 11 қарашада жарияланған) күштері жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Туризм индустриясы департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика  
министрінің міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жыл 31 желтоқсанда

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
Министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1264 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 842 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының туристік қызметі туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына, сондай-ақ "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген), "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасының біліктілік талаптарына

сәйкестігін тексеру мақсатында туристік қызмет саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу мақсатында тәуекелдер көрсеткіштерін айқындау үшін әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) елеулі бұзушылық – "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына сапалы туристік қызмет алуға кедергі жасайтын талаптардың бұзушылығы;

4) елеулісіз бұзушылық – туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына дұрыс ақпарат алуды шектейтін бұзушылық;

5) өрескел бұзушылық – Заңда белгіленген туристік агенттік қызметтің (бұдан әрі – турагенттік қызмет) қызметінің басталғаны туралы хабарламаның, туристік қызмет көрсету және туристік оператор (бұдан әрі – туроператор) қалыптастырған туристік өнімді іске асыру шарттарының, екінші деңгейдегі банкпен шығу туризмі саласындағы туроператордың банктік кепілдік жасасқан шартының, әрбір туристік өнімнен ақшаны аударғандығын куәландыратын, төлем құжатының, туристі міндетті сақтандыру шартының жоқтығы, сонымен қатар туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына саяхаттың ерекшеліктері туралы берілетін мәлімет бойынша растаудың бар болуы;

6) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы ;

7) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне

байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеруден (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) босату процесі;

11) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

12) туристік қызмет саласындағы бақылау объектілері (бұдан әрі – бақылау объектілері) – туристік қызмет саласындағы бақылау субъектісіндегі меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мемлекеттік бақылауға жататын мүлік;

13) туристік қызмет саласындағы бақылау субъектілері (бұдан әрі – бақылау субъектілері) – туроператорлар, туристік агенттер (бұдан әрі – турагент), сондай-ақ Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлер ретінде қызметін жүзеге асыратын гидтер, экскурсоводтар, туризм нұсқаушылары.

14) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының

талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы объективті өлшемшарттар бойынша Бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттармен тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және елеулісіз бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеулісіз) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, елеулісіз бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

5. Қазақстан Республикасының туристік қызмет және бақылау субъектілерін объектілерін профилактикалық бақылау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

6. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып, мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне қарай жүзеге асырылады:

- 1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;
- 2) реттелетін салаға ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянның ауқымы;
- 3) адамның өмірі немесе денсаулығы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

8. Ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізгеннен кейін бақылау субъектілері (объектілері) объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің үш дәрежесі (жоғары, орта және төмен) бойынша бөлінеді.

9. Туристік қызмет саласындағы объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне Қазақстан Республикасы азаматтарының өміріне және (немесе) денсаулығына және заңды мүдделеріне бақылау субъектілердің (объектілердің) зиян келтіру ықтималдығы жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне туроператорлар жатады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне турагенттер жатады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлер ретінде қызметін жүзеге асыратын гидтер, экскурсоводтар, туризм нұсқаушылары жатады.

## **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін ақпарат көзі ретінде бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексерулердің алдыңғы нәтижелері пайдаланылады.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы талдауға және бағалауға жататын, субъективті өлшемшарттар бойынша деректерді қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты, оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында айқындалған ақпарат көздерінің негізінде 1-қосымшаға сәйкес туристік қызмет субъектілеріне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін талаптардың бұзушылық дәрежелері және осы 2-қосымшаға

сәйкес туристік қызмет субъектілерінің талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін талаптардың бұзушылық дәрежелері айқындалады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

13. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығын және субъективті өлшемшарттарының көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, осы өлшемшарттардың 4-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіші есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттарының көрсеткіштерінің маңыздылығы туристік операторға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес 3-қосымшаға және туристік агентке қатысты осы Өлшемшарттарға сәйкес 4-қосымшаға белгіленеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

14. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

**4-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

15. Осы Өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат көздерін жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әрбір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 12.03.2026 № 42 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.03.2026 № 16 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

16. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және елеулісіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Елулісіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

$SP_n$  – елулісіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елулісіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елулісіз бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

$SP$  – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_n$  – елулісіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

17. Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ где}$$

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$

$n$  – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

18. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R<sub>max</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R<sub>min</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

R<sub>пром</sub> – осы Өлшемшарттардың 15-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

## **5-тарау. Қорытынды ережелер**

19. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, алайда жылына ең көбі бір реттен аспайды.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, алайда ең көбі екі жылда бір реттен аспайды.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, бірақ ең көбі үш жылда бір реттен аспайды.

20. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Тәуекелдер дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектіге (объектіге) қатысты бұрын есептелген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

21. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Туристік қызмет саласындағы  
тәуекел дәрежелерін бағалау  
өлшемшарттарына  
I-қосымша

**Туристік қызмет субъектілеріне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін талаптардың бұзушылық дәрежелері**

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежелері
Туристік оператор үшін		
1.	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы	өрескел
2.	Туристік өнімді өткізуге агенттік шарттың болуы	өрескел
3.	Туристерге елге (орынға) келу, кету, уақытша болу қағидалар туралы заңнамасы туралы, жергілікті халықтың дәстүрлері туралы, діни салттары, киелі жерлері, ерекше қорғауға алынған табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштері және ерекше қорғауда тұрған, басқа туристік көрсету объектілерді қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат барысында оларға кездесетін және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыра алатын қауіптер туралы саяхат ерекшеліктері туралы, қажетті және дұрыс ақпарат туралы жазбаша растаудың болуы	өрескел
4.	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына	өрескел

	кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының болуы	
5.	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударғандығын куәландыратын, төлем құжатының болуы	өрескел
6.	Туристі міндетті сақтандыру шартының болуы	өрескел
7.	Туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристпен болған төтенше жағдай туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап ақпараттың уақытылы берілгені туралы растаудың болуы	өрескел
8.	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының	өрескел

	болмауы туралы ақпараттың болуы	
9.	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударылмау туралы ақпараттың болуы	өрескел
Туристік агент үшін		
1.	Турагенттік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның болуы	өрескел
2.	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шарттың бар болуы	өрескел
3.	Туристік өнімді өткізуге агенттік шарттың болуы	өрескел
4.	Туристерге елге (орынға) келу, кету, уақытша болу қағидалар туралы заңнамасы туралы, жергілікті халықтың дәстүрлері туралы, діни салттары, киелі жерлері, ерекше қорғауға алынған табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштері және ерекше қорғауда тұрған, басқа туристік көрсету объектілерді қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат барысында оларға кездесетін және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыра алатын қауіптер туралы саяхат ерекшеліктері туралы, қажетті және дұрыс ақпарат туралы жазбаша растаудың болуы	өрескел
5.	Туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туриспен болған төтенше жағдай туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап ақпараттың уақытылы берілгені туралы растаудың болуы	өрескел

Туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежелерін бағалау

**Туристік қызмет субъектілерінің талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін талаптардың бұзушылық дәрежелері**

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежелері
Туристік оператор үшін		
1.	Туристік операторлық қызметке лицензияның болуы	өрескел
2.	Қалыптасқан туристік өнімнің бар болуы	өрескел
3.	Туристік білімі бар, жұмыс өтілі бір жылдан кем емес, бір адамнан кем емес жұмыскердің бар болуы	өрескел
4.	Меншік құқығы бар немесе өзге заңды негізде кеңсе үшін үй – жайдың бар болуы	өрескел

Туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттарына  
3-қосымша

**Туристік операторға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

№ п/п	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), w <sub>i</sub>	Шарттар / мәндер, x <sub>i</sub>		
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6	7
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін						
	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталғанды жою туралы белгіленген	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау		0 0% 0%	1 100% 100%	
					100%	

1.	мерзімде орындалмаған ұсынымдардың болуы (өрескел бұзушылықтар бойынша)	қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар)	100%	0%		
----	---	--	------	----	--	--

Туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемшарттарына 4-қосымша

**Туристік агентке қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), w <sub>i</sub>	Шарттар / мәндер, x <sub>i</sub>		
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6	7
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін						
	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы белгіленген мерзімде орындалмаған ұсынымдарды	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша		0	1	
					100%	

1.	ң болуы ( берілген өрескел бұзушылықта р бойынша)	көрытынды құжаттар)	100%	0%		
----	---	---------------------	------	----	--	--

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1264 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 842 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

### Туристік операторға қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты

бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_ (№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
---	------------------	--------------------------	----------------------------

1	2	3	4
1.	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы		
2.	Туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шартының болуы		
3.	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары туралы, заңнама туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрып, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы		
4.	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы		

	азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының болуы		
5.	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударғандығын куәландыратын, төлем құжатының болуы		
6.	Туристті міндетті сақтандыру шартының болуы		
7.	Туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристпен болған төтенше жағдай туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап ақпараттың уақтылы берілгені туралы растаудың болуы		

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
Тексерілетін субъектінің басшысы

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1264 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 842 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

### Туристік агентке қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты

бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_ (№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Туристік агенттік қызметтің басталғаны туралы хабарламаның болуы		
2.	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы		
3.	Туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шарттың болуы		

4.	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы		
5.	Туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристпен болған төтенше жағдай туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап ақпараттың уақтылы берілгені туралы растаудың болуы		

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1264 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 842 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

**Гидке, экскурсоводқа, туризм нұсқаушысына қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты

бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_ (№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлер ретінде қызметін жүзеге асыратын гидтің, экскурсоводтың, туризм нұсқаушысының қызметін жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның болуы		
	Қазақстан Республикасы азаматтығының,		

2	сондай-ақ туризм саласындағы даярлықтан өткені туралы сертификаттың болуы		
3	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы		
4.	Туристік қызмет саласындағы уәкілетті органға және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристпен болған төтенше жағдай туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап ақпараттың уақтылы берілгені туралы растаудың болуы		

Лауазымдық тұлға (лар)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1264 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 842 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

**Туристік операторға қатысты, талаптарға сәйкестігіне қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.05.2023 № 111 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.05.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты

бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау субъектісінің (объектісінің) тексеруді/талаптарға сәйкестігін тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) тексеруді/талаптарға сәйкестігін тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_ (№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Туристік операторлық қызметке лицензияның болуы		
2.	Қалыптастырған туристік өнімнің болуы		
3.	Еңбек өтілі бір жылдан кем емес, туристік білімі		

	бар, кемінде бір қызметкердің болуы		
4.	Жеке меншік құқығындағы немесе өзгеде заңды негіздегі кеңсеге арналған үй-жайдың болуы		

Лауазымдық тұлға (лар)

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))